

«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған
Елшібаева Қалима Зәкірқызының
«Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі»
атты диссертациясына отандық кеңесшінің

ШІКІРІ

«Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу» (Ғ.Мүсірепов) десек, шешендік өнер – күрделі де көпқырлы құбылыс. Қай кезде де шаршы топта суырылып сөз бастайтын шешеннің рөлі оңай болған емес.

Қазіргідей ақпараттар жылдамдығы заманында кез келген тұлғаның кәсіби немесе қоғамдық қызметте жетістікке жетуінің басты критерийі – сөйлеу өнерін қаншалықты меңгергендігімен өлшенетін болды. Демек, шаршысөздің прагматикалық аспектілерін зерттеуде лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды пайдаланудағы сөйлеушінің (шешеннің) рөлі қашанда маңызды болып табылады.

Сондықтан заманауи ғылым тұрғысынан шаршысөзді риторикалық әрі тілдік құбылыс ретінде зерттеп-зерделеу, тыңдаушыны сендіру үдерісінде қолданылатын тілдік құралдарға қатысты мәселелерді анықтау, сөйлеушінің мақсат-ниетін жүзеге асыру кезінде қолданатын лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдардың қызметін, міндетін айқындау, шаршы сөздің түріне қарай оның лексика-грамматикалық, прагматистикалық жағынан өзгермелі және өзгермейтін ерекшеліктерін көрсету зерттеудің өзектілігін құрайды.

Бұл ретте ежелгі және қазақ шешендік өнерінің негіздерін зерттеген еңбектер баршылық болғанымен, заманауи тіл ғылымында дискурс теориясының пайда болуына байланысты шаршысөз дискурсы өз алдына кешенді зерттеу нысаны бола қойған жоқ.

Осы орайда диссертант жұмыста алғаш рет шаршысөз дискурсының танымдық-прагматикалық және құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін айқындап, белгілі бір ұлттық-мәдени дәстүрдің заңдылықтары көрініс табатын қарым-қатынас құбылысы ретінде қарастыруға әрекет жасаған.

I тарауда шаршысөз – әлеуметтік-мәдени танымды қалыптастырушы құрал екендігі, шаршы топта сөйлеудің кез келген түрі нақты бір тілдік тұлғаны қалыптастыратындығы, оның жанрлық ерекшеліктері қарастырылады.

Айталық, мәдени семантиканы айқындауда тілдік тұлға үшін қиындықтар да кездеседі. Кейбір тілдік таңбаларда мәдени ақпараттар тілдік мағынаның тасасында тұрады да, имплицитті сипатта болады. Осыған байланысты белгілі бір мәдениеттің тілдік ресурстарын қолданушы тілдік тұлғаның шаршысөздегі бейнесі, тілдік құзыреттілігі зерттелген. Бұл орайда ізденушінің шаршы топта сөйлеудің өзіне тән шарттарын сақтауда айтылымның перлокутивті әсерін, иллокутивтік акт қандай да бір

конвенцияға сәйкес, келісіммен, коммуникативтік мақсатқа сәйкес жасалатындығын көрсеткен тұжырымдары дәлелді.

Риторикалық дискурс нақты бір стратегияларды жүзеге асырушы, тарихи, экстралингвистикалық және әлеуметтік-мәдени факторларға негізделген коммуникативті құбылыс. Риторикалық дискурста шешен өзінің көздеген мақсатына жету үшін белгілі бір стратегияларды қолданады.

Жұмыста бұл шаршысөз дискурсындағы адресанттың баяндауында жүзеге асатын түсіндіру тәсіліндегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар, образды-бағалауыштық, ақпараттық-түсіндірмелі, образды-бейнелеуші, т.б. стратегиялардың қолданыс ерекшеліктерін айқындауда көрініс тапқан.

Осыған байланысты *«Шаршы сөз дискурсының лингвопрагматикалық сипаты»* деп аталатын II тарауда шаршысөздің өзіндік табиғаты, тілдік қарым-қатынасты сипаттайтын негізгі факторлар, сөйлеудің ауызша формасы, адресанттың тілдік қолданысында жүзеге асатын прагматикалық параметрлер, шаршысөздегі коммуникативтік пресуппозиция мен рефлексия, шаршысөздегі монологтың, диалогтың құрылымы, олардың адресатқа әсер ету күші сараланады.

Шаршысөзде ең көп қолданылатын саяси тұлғалардың іс-әрекеттері мен тілдік қолданыстарынан көрінетін саяси сипаттағы мәтіндер болып табылады. Бұл орайда зерттеуші жұмысының теориялық және практикалық нәтижелері мен тұжырымдарында риториканың үш негізгі элементтерінің (инвенция, диспозиция, элокуция) тиімді байланысын көрсетіп, шаршы сөзде кәсіби коммуникацияны жүзеге асыратын типтік құрылымдардың (шешен, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері) сөзін институционалды дискурстың негізгі түрі ретінде қарастырған. Қазақстандық саясаткерлер (Қ.Сұлтанов, Б.Тілеуханов, т.б.) мен қоғам қайраткерлерінің (Ә.Кекілбаев, М.Жолдасбеков, т.б.) сөздерінің (сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысы негізінде) когнитивті, вербалды, прагматикалық әлеуетін талдап, олардың тілдік бейнесін көрсетуге ұмтылған.

Қазақ халқының ұлттық сипаты мен ділдік ерекшеліктері олардың коммуникативті мәдениетінен көрініс табатындығын зерделей келіп, қазақстандық коммуникативтік мәдениеттің ерекшелігін ашып көрсеткен.

Президенттік дискурстың прагматикалық құрылымында ұлттық мінез айқын дараланып, іріктелген тілдік актілерден тұратындығын, яғни елбасының сөз саптауындағы стилистикалық мәндегі тілдік бірліктердің қолданысын нақты мысалдармен дәлелдейді. Елбасы дискурсындағы мұндай тәсілдердің – Н.Назарбаевтың коммуникативтік тактикасы мен тілдік-саяси стратегиясы екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ елбасы дискурсының өзгешелігіне жататын қазақ елінің саяси-мәдени келбетін айқындайтын Инаугурациялық жолдауын прецедентті мәтін ретінде қарастырады. Адресаттар санасына ерекше әсер ететін елбасының осы инаугурациялық сөзі шешендік дискурстың ерекше түрі ретінде үлгіге баланатындығын тілдік модельдер арқылы дәлелдейді.

Сөйтіп қазақстандық коммуникативтік мәдениеттің ерекшелігін көрсету мақсатында алғаш рет елбасының сөзін институционалды дискурсы аясында шаршысөз мәтінін түзудің типтік үлгісі (моделі) ретінде ұсынады.

Сондықтан теориялық және тәжірибелік мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген зерттеудің нәтижелері қолданбалы мақсатта жоғары деуге болады.

«Шаршысөз дискурсының композициялық-стистикалық және просодикалық ерекшелігі» атты 3 тарауында қарым-қатынастың тілдік және кинесикалық кодын бірлікте қарастырады. Мұнда шаршы сөздің адресатқа әсер етудегі просодикалық, кинесикалық құралдары талданады.

Шешендік стильдің функционалды парадигмасын тарихи және қазіргі кезбен салыстырып, қазақ би-шешендерінің бүгінгі шешендерге әсерін әлеуметтік-тарихи контекст арқылы дәлелдейді.

Шаршысөз дискурсының концептілік құрылымын тілдік тұлғаның жадында қатталған коммуникативтік фрагменттер немесе прецедентті мәтіндер құрайды. Яғни шешеннің өзіндік имиджін қалыптастыруда қоғамның санасына мүмкіндігінше ықпал ету үшін аудиторияның ақпаратты жағымды қабылдауына себеп бола алатын жоғарыдағыдай прецедентті мәтіндерді қолданатындығына мол мысалдар келтіреді.

Ойды жеткізу мен қабылдаудың рационалды және эмоционалды сфералары бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан шаршы топта таныстырылым жасап түсіндірудің прагматикалық әсері, сонымен бірге белгілі бір дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарасты білдіруде қалжыңның да ролі зор болатындығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының негізінде жарық көрген мақалалары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді.

Ізденуші Қ.Елшібаеваның «Шаршы сөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады әрі отандық лингвопрагматикалық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады. Зерттеуді ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұтастыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

Осы аталғандарды ескере отырып, Елшібаева Қалима Зәкірқызының «Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі» атты диссертациялық еңбегін диссертациялық кеңесте қорғауға дайын деп бағалаймын.

Ғылыми кеңесші:

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың профессоры

филология ғылымдарының докторы

Тымболова А.О.

«Әл-Фараби» университетінің директоры және «Әл-Фараби» университетінің ректоры

ЗАВЕРЯЮ

Надлежащим образом подготовлен и аттестован научным экспертом КазНУ им. Әл-Фараби

РЕ. Курбанбаева

11.10.2021

